

## Өзгерту енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1996 жылғы 22 қаңтардағы N 22 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 29 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 12. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің

2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209\_ Кодекcін (Салық Кодекcін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына  
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

13. "Мүлік салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы" N 38 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1996 жылғы 22 қаңтардағы N 22 бұйрығы. -----

Қазақстан Республикасы Президентінің 21.12.1995 ж. N 2703 U952703\_ Жарлығына сәйкес "Мүлікке салынатын салықты есептеу мен төлеу тәртібі туралы" N 38 V950071\_ Нұсқаулыққа енгізілген өзгертулер

"Мүлікке салынатын салықты есептеу мен төлеу тәртібі туралы" N 38 Нұсқаулыққа мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

17 және 20-тармақтар мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Салық салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша төленеді".

18-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Ұйымдар жедел басшылық құқығында олардың қолында бар жалпы пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдары мен олардағы жол ғимараттары бойынша";

19-тармақта "ең төменгі айлық жалақының" деген сөздер "айлық есептеу көрсеткіштерінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық

инспекциясы бастығының бірінші  
орынбасары, салық қызметінің  
II дәрежелі Мемлекеттік кеңесшісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК